

Әдістемелік кеңес отырысының хаттамасы №4

Күні: 27 наурыз, 2025 жыл

Өткізілген орны: Мектеп мәжіліс залы

Төрайымы: Өміртаева С.Б.

Қатысқандар: ӘПБ жетекшілері, пән мұғалімдері

Күн тәртібі:

1. Факультативтік сабақтардың, пәндік үйірме жұмыстарының оқушыларға қосымша білім берудегі рөлі.
2. «Оқушы білімін бағалаудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру жолдары».
3. Онкүндік қорытындысы.
4. Санатын көтеретін педагогтардың құжаттарының дайындығы (портфолио).

Тыңдалды:

- **Бірінші мәселе бойынша:** Әдістемелік бірлестік жетекшілері сөз алды. Олар факультативтік сабақтар мен үйірмелердің оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудағы маңызын, оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мен тереңдетілген білім алуға әсерін баяндады.
- **Екінші мәселе бойынша:** «Шығармашылық ізденіс - шеберлік шыңының бастамасы» тақырыбы аясында мұғалімдер оқушы білімін бағалаудағы заманауи әдістер мен критериалды бағалаудың тиімді тұстары туралы тәжірибе алмасты.
- **Үшінші мәселе бойынша:** Наурыз айында өткізілген пәндік онкүндіктің қорытындысы жасалды. Өтілген ашық сабақтар мен іс-шаралардың деңгейіне талдау жасалып, белсенді педагогтар аталды.
- **Төртінші мәселе бойынша:** Директордың ғылыми-әдістемелік ісінің меңгерушісі Г.К.Кабденова биылғы оқу жылында біліктілік санатын көтеруге ниетті педагогтардың құжаттары мен портфолиоларының жинақталу барысын тексеру қорытындысын хабарлады.

Қаулы:

1. Факультативтік сабақтар мен үйірме жұмыстарының сапасы бақылауда сақталсын, оқушылардың қызығушылығын арттыратын бағдарламалар әзірленсін.

2. Оқушы білімін бағалаудағы жаңа тәсілдер сабақ үдерісінде тұрақты қолданысқа енгізілсін.
3. Онкүндік барысында анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жүргізілсін.
4. Аттестаттаудан өтетін мұғалімдердің портфолиоларын нормативтік талаптарға сәйкес толықтыру және өткізу мерзімдерін қатаң сақтау тапсырылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы: С. Әлеш Өміртаева С.Б.

Хатшы: Омарбекова А.И. Омарбекова А.И.